

Бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелер туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2002 жылғы 28 қарашадағы № 26/165-II шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 24 желтоқсанда № 755 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 20/146-IV Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2009.11.06 № 20/146-IV Шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148-II Заңының 6-шы бабына және 2001 жылғы 30 қантардағы № 155-II "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 300, 310, 311, 387 баптарына сәйкес ,
аудандық мәслихат ШЕШІМІ:

Қоса беріліп отырған бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелер бекітілсін.

<p style="text-align: center;">Аудандық сессияның Аудандық хатшысы</p>	<p style="text-align: center;">мәслихат терағасы мәслихаттың</p>	
<p>Төлеби 2002 N әкімшілік ережелер бекітілген</p>	<p>аудандық жылғы 26/165-II жауаптылық туралы"</p>	<p>мәслихатының қарашадағы "Бұзылғаны жауаптылық туралы" үшін көзделетін шешімімен</p>

Бұзылғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелер туралы

Төлеби ауданы аумағында көріктендіру, санитарлық тазалық пен тазалық жұмыстарын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Зандарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қантардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің талаптарына сәйкес жеке және занды тұлғалардың арасындағы қарым-қатынасты реттейді. Сонымен қатар осы ереже

аудан аумағында жасыл желектерді күтіп ұстай мен қорғау, мал дәрігерлік туралы заңның ережелерін сақтау, үй жануарларын (иттер және мысықтарды) күтіп ұстай және қала мен елді мекендердің аумақтарын санитариялық тазалау мен көріктендіру ережелерін сақтаудағы жеке және занды тұлғалардың жаупаршілігін қарайды.

Сыртқы жарықтандыру құралдары, жасыл желектер, ғимараттар және басқа да қала инфрақұрылымдарының объектілері осы ереженің негізгі нысаны болып табылады. Меншік түріне қарамастан аудан аумағындағы барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың, ғимараттардың, объектілердің егелері сондай-ақ жеке азаматтар осы ереженің талаптарын орындауға міндетті.

1-бөлім. Жасыл желектерді күтіп ұстай мен оларды қорғау тәртібі туралы ереже

1. Жасыл желектер заңмен қатаң түрде қорғалады. Бекітілген аумақтарға меншік түріне қарамастан барлық занды және жеке тұлғалар жасыл желектердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ол үшін агротехникалық іс-шараларды қатаң сақтауға, атап айтқанда: суғару, қырқу, діндерін тазарту, діндердегі қосалқы өскіндер мен түптерінің қырыққан жерлерін желімдеу, қуыстарын тығындау, сонымен бірге арам шөптерден тазарту жұмыстары жүргізіліп отыруы қажет.

2. Үнемі есімдік зиянкестерімен, аурулары мен зиянды арам шөптермен өз күштерімен күрес жүргізіп отыруға тиіс.

3. Тұрғын үй, өзге де ғимараттардың аумақтарында, гүлзарлар мен саябақтарда жапырақтарды жағуға (өртеуге) жол берілмейді.

4. Жасыл желектер қорын қорғауды Қазақстан Республикасының "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына сәйкес қамтамасыз етіп отыруға тиіс.

5. Меншік түріне қарамастан барлық құрылыш жүргізуши тұлғалар құрылыш жұмыстары біткен соң, жұмыс жүргізу барысында бұзылған жер участекелерін тез арада қалпына келтіріп, көгалдандыру іс-шараларын өз қаржылары есебінен жүргізді.

6. Газондарды таптауға, жас ағаштар мен көшеттерді сындыруға, үзуге және қырқуға, жұлып алуға сондай-ақ жасыл аландарға (газондарда) гүлзарлар мен басқа да жасыл желекті жерлерге көлік құралдарын қоюға жол берілмейді.

7. Жасыл желектерге, ағаштарға электр және байланыс сымдарын бекітуге немесе орауға тиым салынады.

8. Оңтүстік Қазақстан облыстық аймақтық Қоршаған ортаны қорғау басқармасының келісімінсіз жасыл желектерді, ағаштарды шырпауға немесе қырқуға шек қойылады.

2-бөлім. Мал дәрігерлік туралы заңдардың талаптарын орындау тәртібі туралы ереже

9. Меншік түріне қарамастан барлық заңды жеке тұлғалар міндettі мал дәрігерлік-санитариялық іс-шараларды уақытылы жүргізуі тиіс және оларды жүргізудің мерзімдерін бұзуға жол бермеуі тиіс.

10. Каратин мен шектейтін іс-шаралардың шарттары мен талаптарын сақтауға міндettі.

11. Ауру жүқтіратын малдарды жою бойынша мал дәрігерлік-санитариялық іс-шараларды өз уақытында немесе толық өткізуге жауапты болып табылады.

12. Ауру жүқтіратын малдарды таратуға жол берілмейді.

13. Малдарды өсіру кезінде мал дәрігерлік санитарлық ережелердің сақтауды қамтамасыз етуге міндettі.

14. Аудан аумағын малдың жүқпалы ауруларын әкелуден қорғау жөніндегі белгіленген нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын орындауға қол жеткізуі тиіс.

15. Малдарды тасымалдау (айдап апару) кезінде мал дәрігерлік санитарлық ережелерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндettі.

16. Мал дәрігерлік саласында індettің немесе өзгеде ауыр зардаптардың таралуына әкеп соқпаған басқа да нормативтік-құқықтық актілерді сондай-ақ індектке қарсы күрес мәселелері жөніндегі жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімдерін орындау міндettі болып табылады.

3-бөлім. Ауданда иттер мен мысықтарды күтіп ұстаудың тәртібі туралы ереже

18. Осы ереже меншік түріне, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан аудан аумағында тұратын барлық ит және мысық ұстаушы азаматтарға және заңды тұлғаларға бірдей қолданылады.

19. Ленгір қалалық және Төлеби аудандық аумақтық басқармаларында үй жануарларына (иттер мен мысықтарға) диагностикалық тексеру және аса қауіпті жүқпалы ауруларға қарсы мал дәрігерлік егу жұмыстары жыл сайын міндettі түрде жүргізіліп отырылады.

20. Иттер мен мысықтар көпшілік қоғамдық орындарда жетексіз, иесіз жүрсе (бұған дүкеннің, аурухананың, тұрмыс қажетін өтеу үйлерінің т.б. алдында уақытша қойылған жануарлар кірмейді) қаңғыбас жануарлар деп есептелініп, олар арнайы ит аулау бригадасы арқылы ауланады.

1-тaraу. Иттер мен мысықтарды ұстаудың тәртібі

21. Медициналық мал дәрігерлік талаптарға қарама-қайшылық болмаған жағдайларда иттерді және мысықтарды тұрғын үйлерде, пәтерлерде ұстауға болады. Бұл жағдайда зоологиялық және дәрігерлік санитариялық талаптар сақталынып, олардың қоршаған ортаны былғауына жол берілмейді.

22. Көліктерде иттер мен мысықтарды алып жүргенде жолаушылардың денсаулығына қауіп келтірмеуі тиіс, яғни итке тұмылдырық кигізіліп, белгілі бір жерге байлануы керек. Мысықтар торда немесе арнайы жасалынған жәшіктерде тасымалданады.

23. Мас адамдарға, 14 жасқа толмаған жас өспірімдерге иттерді жалпы көпшілік қолданылатын жерлерге алып баруға рұқсат етілмейді.

24. Қоғамдық орындарда, көпшілік пайдаланылатын жерлерде, үйдің алдында, үйге кіре берістерде, баспалдақтарда, спорт және балалар алаңдарында, гүлзарларда, парктерде, саябақтарда ит ұстауға жол берілмейді.

2-тaraу. Иттер мен мысықтардың егелерінің міндеттері

25. Иттер мен мысық егелері ит пен мысықты асырау кезінде олардың биологиялық өсіп жітіліміне, ерекшеліктеріне қарап, саналы түрде оларды қараусыз қалдырмай, ауырған жағдайда дер кезінде мал дәрігеріне көрсетуі қажет.

26. Ит пен мысықтың тұрған жерін таза ұстауға және оларды тұрақты түрде қыдыртып (моцион) отыруға тиіс.

27. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігінің аумақтық басқармасы инспекторларының талабымен егелері ит пен мысықты мал дәрігерлік байқаудан және диагностикалық тексерулерден өткізіп, қауіпті аурулардың алдын алу мақсатында профилактикалық емдеуден өткізіп отыруға міндетті.

28. Иттер мен мысықтардың адамдардың денсаулығына қауіп келтірмеуі үшін, әрі сақтық шараларын жүргізу мақсатында, иттерді байлагап қоюға немесе арнайы жерде қамап ұстауға, иттерді ұстап тұрған жерлерде ескерту белгілерін қоюға, қыдырту кезінде итті жетекте ұстап, тұмылдырық кигізуге міндетті әрі моцион уақытысында ит егелері иттің былғаған жерлерін тазалап, күрекше арқылы қалтаға салып, арнайы жерге тастауы тиіс.

29. Иттерді немесе мысықтарды асыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, оны басқа азаматтарға беруі немесе мал дәрігерлік мекемесіне өткізуі қажет.

30. Асырап отырған иттері мен мысықтары өліп қалса немесе жоғалып кетсе егесі тез арада Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігінің аумақтық басқармасына хабарлауға міндетті.

31. Адамдарды немесе үй жануарларды тістеп, қауып алған жағдайда ит пен

мысықтың егесі тез арада медициналық мекемеге хабарлап, ит пен мысықты арнайы мал дәрігерлік бақылаудан өткізіп, карантин жүргізу үшін Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігінің аумақтық басқармасына келуі тиис.

32. Иттер мен мысықтарды изоляторда оқшаулап ұстап отыруға кеткен жалпы шығын олардың егесінің есебінен өндіріледі.

33. Ит пен мысық өлген жағдайда олардың егелері міндettі түрде Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігінің аумақтық басқармасына немесе Мал дәрігерлік қызмет мекемесіне хабарлаулары керек. Оларды арнайы жерге апарып көмуге кеткен шығын үй жануарлары егелерінің есебінен жүргізіледі. Өлген ит пен мысықтың денелерін егелеріне өз бетінше тастауға немесе көмуіне тиым салынады.

34. Кез келген жануарлар (ит пен мысық) оның егесінің меншігі болып табылады және ол меншік ретінде заңмен қорғалады.

4-бөлім. Қала мен елді мекендердің аумақтарын тазалау, көріктендіру, сондай-ақ қалалық инфракұрылым объектілерін қорғау туралы ереже

35. Аудан аумағында көмір қалдықтарын, шаруашылық-тұрмыстық қалдықтарын, сонымен қатар тұрғын-үй және сауда мекемелерінің, қоғамдық тамақтандыру орындарының, мәдени-тұрмыстық сипаттағы кәсіпорындардың шығаратын тағам қалдықтарын, канализация жүйесі қарастырылмаған ғимараттардың сұйық қалдықтарын, көше қоқыстарын тиімді әрі міндettі түрде жинауды қарастырады.

Жыл мезгілінің кез келген мерзімінде қоғамдық орындардың (қала, ауыл көшелері, аяқжолдар, ішкі орамдық жолдар, тұрғын-үй аулалары, аймағы, саяжайлар, базарлар, саябақтар) және тұрғын үйлердің тазалығы мен олардың қоқыстарын жинау жұмыстарын қамтиды.

36. Қала көшелері мен өздеріне қарасты тұрғын үйлердің маңын тазалау тиісті заңды тұлғалар (өндіріс орындары, АҚ, ЖШС, т.б.) мен жекеменшік үй иелерінің қатысуымен жүргізіледі, аумактан жиналған қоқысты шығару, келісім-шарт негізінде арнайы мамандандарылған кәсіпорындарына (коммуналдық шаруашылық кәсіпорны) жүктеледі.

Үйлерге келетін жолдарды тазалау жеке үй иелері мен жекешелендірген пәтерлер кооперативтерінің, базарлардың, өндіріс орындарының аумақтары, құрылыш алаңдары, қоймалары және оларға келетін жолдар бағыныстылығына қарай тиісті заңды тұлғалардың күшімен тазаланып, жиналған қоқыстар келісім-шарт негізінде арнайы мамандандырылған кәсіпорындардың (коммуналдық шаруашылық кәсіпорны) күшімен тазартылады. Ал қала

төңірегінің басқа аумақтарының тазалығы (стадион, жәрменке орындары, базарлар, автокөліктерге арналған ашық автотұрақтар, ауылшаруашылық аймақтары) оны пайдаланып отырған жер участеклерінің иелеріне жүктеледі. Ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан құрылыш объектілерінің ауласы, сондай-ақ оның айналасының тазалығы сол жұмыстарды жүргізіп жатқан тұлғалардың күшімен тазартылады.

Толассыз жауын мен еріген қар сулары тасқынының қаупін болдырмау мақсатында жауын сулары құйылатын құдықшалар мен орамдық жолдар, көшелердің суағар жүйелері кемінде әр маусымда 2 рет үй иелері мен арнайы мамандандырылған кәсіпорындар (коммуналдық шаруашылық кәсіпорны) арқылы тазалаңып отырады.

37. Жаңадан салынып жатқан ғимараттардың аумағындағы құрылыш қалдықтары мен қоқыстарын тазалау сол құрылыштарды салуға тапсырыс берушілердің есебінен қамтамасыз етіледі.

38. Тұрақты түрде аумақ тазалығын сақтап, күнделікті тұрмыс өндіріс қалдықтарын алғып отыратын арнайы мамандандырылған кәсіпорын, тұрғын-үй иелері мен пәтерлер кооперативтерінің арасында жасалынған келісім-шарт негізінде, санитарлық-эпидемиологиялық мекемесімен келісілген кестеге сай жүргізді.

39. Қалдық шығаруға арналған автокөліктердің әрбір тасымалының (рейс) жол қағаздарына қоқыс орны полигоны әкімшілігінің белгісі соғылады.

40. Қалдықтарды арнайы белгіленіп берілген қоқыс орны полигонынан басқа аумақтарға, ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерге тастауға тиым салынады.

41. Аумақтарды тазалау мен көріктендіру жұмыстары қысқы және жазғы кезеңдерге бөлініп, бұл кездерде атқарылуға тиісті үнемі-мерзімді жұмыстар міндетті жүргізіліп отырады.

Сыпыру, жуу, суғару, қыру, қарды сыпрып күреу, мұзды ою, мұз-қарды ойып алғып тастау үнемі атқарылатын жұмыстар болып табылады.

Жауын-су жүйелерін тазалау, жол жиегіндегі шөптерді шабу мерзімді атқарылатын жұмыстарға жатады.

3-тaraу. Көпшілік пайдаланатын қоғамдық орындардың тазалығы

42. Саябақ, демалыс орындарының, көпшілік қыдыратын орындарының және басқа да қоғамдық орындарының тазалығы осы ереженің 1-бөлімінің 2-ші бабында белгіленген талапқа сай орындалады.

43. Барлық аландар мен көшелерде, саябақтарда, бақтарда, вокзалдарда, базарларда, қалалық көлік аялдамаларында және басқада орындарда қоқыс

салатын ыдыстар (сауыттар) жеткілікті мөлшерде қойылуы қажет.

44. Қоқыс салатын ыдыстар (сауыттар) ғимараттардың қарсы бет тұсының кіре беріс жерлеріне, ал сауда орындарының, павильондардың, скверлердің, бульварлардың, саябақтардың, саяжайлардың шыға беріс жерлеріне меншік иелері есебінен қойылады.

Қоқыс салатын ыдыстар (сауыттар) жөнделген және таза, қоқыстан тазартылған күйінде, күніне бір рет жуылап залалсыздандырылып тұрады қажет және залалсыздандырылып, жылына 2 рет боялуы тиіс.

45. Дүңгіршіктер мен павильондар, бөлшек-сауда дүкендерінің иелеріне ыдыстары мен тауарларының артық бөлшектерін текшелеп жинап қоюы үшін, іргелес жатқан аумақты қолдануына жол берілмейді.

46. Қала аумағында арнайы белгіленбegen жерлерден бөлек аумақта көлік құралдарын жөндеу жұмыстарын жүргізуге, ластауға, балалардың ойын алаңдарын, үйлердің аулаларын, аяқжолдарды (тротуарлар) арнайы мамандандырылған кәсіпорынның жинауына, сондай-ақ тұрмыс қалдықтарын алғып кетуге кедергі келтірмеуге тиіс. Бөлшектелген көлік құралдарын арнайы белгіленген жерлерден бөлек басқа жерлерге қоюға немесе тастауға тиім салынады.

47. Аялдамалардағы обьектілерді бұзу немесе қайта құру жұмыстары журіп жатқан кезде де олардың егесі қарамағындағы жерлердің санитарлық тазалығын қамтамасыз етуге міндетті.

48. Аялдама павильонының егелері күнделікті тазалық және қоқыс салатын ыдыстардағы (сауыттардағы) қоқыстарды шығару жұмыстарын таңертеңгі уақытта жолушылар қозғалысы басталмай тұрып жүргізуі тиіс.

4-тaraу. Айрықша нысандар аумақтарының тазалық жұмыстарын жүргізу

Ішкі орамдық жолдардың, аяқжолдардың (тротуар) тазалығы мен қоқыс жинау жұмыстары арнайы мамандандырылған кәсіпорындардың күшімен атқарылады. Бұл ретте аяқжолдар (тротуарлар), ішкі орамдық жолдар көше жолының қозғалыс бөлігінің тазалық жұмыстары, жол үсті төсенішинің шаң-тозаң және қоқысты сыпырып, жууды қамтиды.

Аяқжолдарды (тротуар) жинау, автомашина көлігімен, таңертеңгі уақытта, жаяу жүргіншілер қозғалысы аз кезде жүргізіледі.

5-тaraу. Инженерлік коммуникация жүйелерін ұстау олардың тазалығын сақтау тәртібі

49. Қарамақтарында жерасты және жерүсті инженерлік коммуникация жүйелері бар мекеме, кәсіпорын басшылары жүйелі түрде құдықша қақпактарының (канализация сұы, жаңбыр сұы және т.б. құдықшалардың) жол деңгейімен бірдей болуын, әрі үнемі жұмыс жағдайында болуын қадағалауы тиіс. Құдықшалар, коммуникациялық жүйелер тазартылғанда шығарылатын қоқыс тез арада алышып кетуі көрек.

50. Бағыныстырылғанда өндіріс қоймалары мен базалары, карьерлері, құрылым аландары сондай-ақ өзгеде нысандары бар объектілердің егелері:

ғимарат алды жолдарына, көліктегердің қайырылатын алаңына, кіретін және шығатын жолдарына, түсіру және арту алаңына қатты төсөніштер (асфальт, бетон)

төсөуге;

лас машиналар мен транспорт механизмдерін құрылым аландарынан көшеге шығармая міндетті.

51. Көшелерге, аяқжолдарға (тротуар), газондарға, үйдің қарсы бет алдына құрылым заттарын, ағаш-көмір отындарын, үй жануарларының көндерін, металл сынықтарын, минералды тыңайтқыштар мен улы химикаттарды және өзге де материалдарды жинауға жол берілмейді.

52. Жолдардың қозғалыс бөлігін, аяқжолдар (траптуарлар) бөлігін, тоғандардың, өзен жағалауларының, құрылым нысандарының айналасын және жасыл желектер өсіп тұрған, жерлерді көпшілік пайдаланатын қоғамдық орындарды тұрмыс қалдықтарымен (темекі қалдығы, қағаз, бөтелке т.б.) ластуға тиім

салынады.

53. Осы ережелердің талаптарын орындаған жағдайда барлық занды және жеке тұлғалар қолданыстағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 300, 310, 311 және 387 баптарына сәйкес әкімшілік жауаптылықта тартылады.

М а з м ұ н ы :

1-бөлім. Жасыл желектерді күтіп ұстау мен оларды қорғау тәртібі туралы
е р е ж е .

2-бөлім. Мал дәрігерлік туралы зандардың талаптарын орындау тәртібі
т у р а л ы е р е ж е .

3-бөлім. Ауданда иттер мен мысықтарды күтіп ұстаудың тәртібі туралы
е р е ж е .

1 тарау Иттер мен мысықтарды ұстаудың тәртібі.

2 тарау Иттер мен мысықтардың егелерінің міндеттері.

4-бөлім Қала мен елді мекендердің аумақтарын тазалау, көріктендіру сондай-ақ қалалық инфрақұрылым объектілерін қорғау туралы ереже.

3-тарау. Көпшілік пайдаланатын қоғамдық орындардың тазалығы.

4-тарау. Айрықша нысадар аумақтарының тазалық жұмыстарын жүргізу.

5-тaraу. Инженерлік коммуникация жүйелерін ұстау олардың тазалығын сақтау тәртібі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖК РМК